

ТІЛ ИГЕРУДЕГІ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ*

Өмірбекова Әлия Өмірбекқызы*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**(Алматы, Қазақстан)**aliaomirbek@mail.ru***Omirebekova Aliya***Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)**aliaomirbek@mail.ru*

ЖАҒАНДЫҚ ҚАТЕРЛЕР МЕН ҰЛТ МҮДДЕСІ

Аңдатпа. Соңғы жылдары қазақ тілін үйренуге деген қызығушылық пен сұраныс арта бастады. Көпшілік іскерлік және күнделікті сөйлесуде қазақ тілін қолдануда. Елдің танымалдығы мен туристік тартымдылығы да артты. Бұл үрдіске ықпал еткен бірқатар себептер бар. Қазақ тілін үйренуге деген сұраныстың артуына байланысты мазмұны жақсы, сапасы жоғары оқу бағдарламалары мен көмекші құралдарға деген қажеттілік туындады. Тілдік білім беру үлгілерінде мәдениет дәстүрлі түрде елеулі орын алды. Заманауи үлгілерде мәдениеттің функционалдық аспектілеріне, әсіресе оның қарым-қатынасты қамтамасыз ету немесе қарым-қатынасты шектеу рөліне көбірек көңіл бөлінуде. Қазақстанға келгісі келушілер саны арта береді деп болжауға болады. Көптеген шетелдік қонақтар Қазақстанның мәдениетімен жақсырақ танысып, қазақша сөйлеуге ынталы екендігі байқалады. Бірақ қажетті қордың болмауына байланысты көбісі олай істей алмайды немесе оны жүзеге асыру өте қиын. Мақалада «Заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, қазақ мәдениеті мен тілін үйренуге арналған, ағылшын тілді аудиторияға бағдарланған оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жобасы аясында 2021 жылдан бастап қазақ тілін оқуға арналған ағылшын тіліндегі материалдарды әзірлеу және жетілдіруге ықпал ететін және ағылшын тілін білетін шетелдіктер үшін де, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін де қазақ тілін үйренуге жақсы жағдай жасауға тырысып, атқарылған бірқатар жұмыстар сарапталады. Жоба аясында жасалған жұмысқа қатысты зерттеу барысы баяндалады.

Түйін сөздер: тіл, мәдениет, ұлттық мәдениет, мәдени сұхбат, шет тілі, тіл игеру, қарым-қатынас.

Kipicne

Тіл қоршаған әлемді тану мен игерудегі, сонымен қатар, адамдар арасындағы қарым-қатынастағы негізгі құрал. Тіл өзге мәдениетпен танысуға да мүмкіндік береді. Халықтардың белсенді қозғалысы, халықаралық ынтымақтастық пен адамдар арасындағы байланыстардың кеңеюі, дүниежүзілік қоғамдастық

* Бұл зерттеу ҚР ҒЖБМ ҒК-нің қаржыландыруымен № AP09058073 «Заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, қазақ мәдениеті мен тілін үйренуге арналған, ағылшын тілді аудиторияға бағдарланған оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу» атты гранттық қаржыны аясында әзірленді.

өмірінің әртүрлі салаларындағы үдерістердің жаһан-дануы мен интеграциялануынан тұратын геосаяси қайта құрулар жағдайында мәдениетаралық қатынастарды қарқынды дамыту қажеттілігі туындады.

Қазіргі уақытта тілдер мен мәдениеттердің әртүрлілігі әртүрлі қауымдастық өкілдері арасындағы қарым-қатынасқа кедергі келтіретін фактор болудан қалды. Осыған сүйене отырып, шет тілін меңгерудегі басты міндеттердің бірі басқа мәдени ұстанымдарға толерантты қатынасты, олардың ерекшеліктерін өзіндік даму мен байытудың оң факторы ретінде қабылдауды білдіретін мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту болып табылады.

Соңғы жылдары қазақ тілін үйренуге деген қызығушылық пен сұраныс пайда бола бастады. Көпшілік іскерлік және күнделікті сөйлесуде қазақ тілін қолдануда. Елдің танымалдығы мен туристік тартымдылығы да артты. Бұл үрдіске ықпал еткен бірқатар себептер бар. Қазақ тілін үйренуге деген сұраныстың артуына байланысты мазмұны жақсы, сапасы жоғары оқу бағдарламалары мен көмекші құралдарға деген қажеттілік туындады. Бүгінгі таңда оқытудың заманауи тәсілдері бар бірқатар оқулықтар жарық көрді. Жағдайдың жақсарғанына қарамастан, бұл артықшылықтар негізінен ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыратынын мойындау керек. Ал ағылшын тілін *lingua franca* ретінде қолданатын сыртқы сұраныс жеткілікті түрде қанағаттандырылмай жатыр. Нәтижесінде келушілердің көпшілігі қазақ тілін үйренуге қажетті ресурстардың болмауына байланысты орыс тілін үйренуге ұйғарады. Осылайша, қажетті қордың болмауы туристер мен басқа да қонақтарды қазақ тілінен бас тартуға мәжбүр етеді. Осының салдарынан қазақ мәдениетінің көптеген мәдени, этникалық және басқа да ерекшеліктері келушілерге жабық күйінде қалды. Бұл фактор қазақ тілі мен мәдениетін насихаттауға кедергі келтіріп қана қоймай, этнотуризм мен тұтастай елдің имиджіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан бұл мәселені шешудің мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар. Қазақ тілін меңгеруге арналған оқу, әдістемелік және дидактикалық материалдардың тапшы болғанына қарамастан, бұл өнімдерге деген сұраныс жыл сайын артып келе жатқанын атап өткен жөн.

Зерттеу әдіснамасы

Ғылыми мақалада қолданылатын негізгі әдістер мәдени-философиялық тұрғыдағы жүйелік-құрылымдық, тарихи-логикалық, салыстырмалы, семантикалық, семиотикалық талдау болады. Екінші тілді меңгеру әдістерін зерттеуде Англиядағы ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытудың және АҚШ-тағы қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістері салыстырмалы түрде талданады.

Шет тілі мен мәдениетін зерттеудің лингводидактикалық аспектісі

Шет тілі мен мәдениетін бірлесіп зерттеудің лингводидактикалық аспектісі ұзақ уақыт бойы ғалымдар мен зерттеушілердің назарын аударып келеді. Шетел тілдерін зерттеу әдістемесіндегі мәдени тенденцияның негіздері В. Гумбольдттің

тілдік және философиялық концепцияларына барып тіреледі, ол тілді зерттеуді жаңа дүниетанымның дамуымен байланыстыру керек деп есептеді [1].

Мәдениеттің рөлін зерттеуге әр түрлі әдістемелік бағыттардың өкілдері одан әрі әрекет жасады. М. Свит, В. Фьетор, О. Усперсен сынды бірқатар ғалымдар «Әр тілде әртүрлі дүниетаным көрініс табады, әр ұлттың өзіне тән ұғымдар жүйесі болады, сондықтан, оқу процесінде оқытылатын тілдің халқы мен елі, оның өмірінен алынған мәтіндерді енгізу қажет» деген ұсыныс жасады [2].

Әдіскер-зерттеушілер Э. Отто, Э. Симоно, С. Швейтцер еңбектерінде шет тілдері мен мәдениетін өзара оқыту басты идея болып табылады. Олар тарихи оқиғаларды, географиялық ақпаратты, ана тілінде сөйлейтіндердің әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін қамтитын жүйеде тілді үйрену құрылымын ұсынды. Осылайша, шетел тілін үйренудің әдістемесінде мәдениеттерге деген қызығушылыққа баса назар аударылады.

Шет тілдерін оқудағы мәдени дәстүрлердің қарқынды дамуы ХХ ға-сырдың екінші жартысында байқалды. Дж. Ласера, А. Болен, Ф. Клосс білім беруді ұлттық мәдениеттің барысын ескере отырып құруды ұсынды. Сонымен, Дж. Ласера «білім берудің басты байлығын құрайтын мәдениет туралы ақпарат» [3] деп есептеді. Оқытушы тар тілдік мақсатпен шектеліп қалмауы керек. Мәдениет құбылыстарына сілтеме жасамай, тілді зерттеу кедейленіп, фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құбылыстарды ассимиляциялауға дейін барады.

Шет тілін оқытуда тіл мен мәдениетті кіріктіру мәселелері туралы айтатын ресейлік әдіскер-зерттеуші: Е.А. Фехнер, К.А. Ганшина, Е.И. Тихеева шет тілін оқыту зерттеліп жатқан тілдің елінің мәдениетімен таныстырумен қатар жүруі керек деп есептеген. К.Д.Ушинский: «Халықтың болмысына енудің бірден-бір сенімді жолы – оның тілін меңгеру, ал біз халықтың тіліне неғұрлым терең енген сайын, оның сипатына соғұрлым тереңдей түсеміз» деп дәлелдеген [4].

Осылайша, тіл мен мәдениетті бірлесіп зерттеу ғылыми назарда. Осының барлығы шет тілдерін оқытудың теориясы мен тәжірибесінде лингвомәдениеттану дәстүрінің орнығып, шет тілі мен соған сәйкес мәдениетті өзара байланыстыра оқытуға бағытталғанын, бұл тілдік білім берудің заманауи үлгілерін құруға мүмкіндік беретінін айғақтайды.

Тілдік білім беру үлгілерінде мәдениет дәстүрлі түрде елеулі орын алды. Заманауи үлгілерде мәдениеттің функционалдық аспектілеріне, әсіресе оның қарым-қатынасты қамтамасыз ету немесе қарым-қатынасты шектеу рөліне көбірек көңіл бөлінуде. Шын мәнінде, «мәдениет» ұғымы соңғы жылдары шет тілдерін оқыту саласында танымал сәнді ұғым түріне айналды. Неліктен «мәдениет» тілдерді оқыту бағдарламаларының құнды құрамдас бөлігі болып табылады? Оны біздің педагогикалық қызметімізге қалай қосуға болады?

Қарым-қатынас контекстіндегі тілдің мәдениетпен байланысы күрделі және жан-жақты. Біз қарым-қатынас, тіл және мәдениет бір-бірінен ажырағысыз деген болжамнан шығамыз. Шетел тілінде сәтті және нәтижелі қарым-қатынас жасау үшін студенттерге грамматика мен лексиканы жақсы білу қажет. Олар сол тілде ана тілінде сөйлейтіндерге бағыт беретін вербалды және вербалды емес қарым-қатынастың мәдени анықталған үлгілері (мысалы, сөйлесуді бастау, жүргізу және аяқтау туралы ауызша қарым-қатынастың жазылмаған ережелері), сөйлеу

мәнерлері туралы түсінігі болуы керек, нақты шынайылықты өзекті болып табылатын сөйлеу және жазу, жағдаяттар, сондай-ақ басқа елдердің мәдениеттерінде кеңінен таралған вербалды емес қарым-қатынас белгілері болуы қажет.

Жыл сайын әр түрлі себептерге байланысты Қазақстанға келушілердің саны артып келеді. Бұған, ең алдымен, Қазақстан Республикасындағы тұрақты жағдай және әлемдік аренадағы танымалдылық ықпал етуде. Бұл үрдіс тек жақсарып, Қазақстанға келгісі келушілер саны арта береді деп болжауға болады. Көптеген шетелдік қонақтар Қазақстанның мәдениетімен жақсырақ танысып, қазақша сөйлеуге ынталы екендігі байқалады. Бірақ қажетті қордың болмауына байланысты көбісі олай істей алмайды немесе оны жүзеге асыру өте қиын. Осыған байланысты, «Заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, қазақ мәдениеті мен тілін үйренуге арналған, ағылшын тілді аудиторияға бағдарланған оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жобасы аясында 2021 жылдан бастап қазақ тілін оқуға арналған ағылшын тіліндегі материалдарды әзірлеу және жетілдіруге ықпал ететін және ағылшын тілін білетін шетелдіктер үшін де, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін де қазақ тілін үйренуге жақсы жағдай жасауға тырысып, бірқатар жұмыстар атқарылуда. Жоба аясында жасалған жұмыс нәтижелері осы әлеуметтік сұранысты қанағаттандыруға көмектесуі тиіс.

Осы ретте, озық тәжірибеге ие ағылшын тілін үйрету бойынша үлгілерді қарастыру қажеттілігі айқын. Ағылшын тілін оқыту тұрғысынан (халықаралық немесе әмбебап тіл ретінде) мәдениет мәселесі ерекше маңызға ие, өйткені әңгіме ағылшын тілінің бір ұлттық стандарты туралы емес. Ағылшын тілінде сөйлейтін халықтар арасындағы айырмашылықтар негізінде, мысалы, американдық, британдық, австралиялық және канадалық ағылшынша, ямайкалық ағылшынша және т.б. ажыратуға болатыны белгілі, бұл нұсқалардың барлығы толыққанды ұлттық стандарттар болып табылады. Барлық осы стандарттар арасында британдық және американдық ағылшын тілдері оларды қолданудың нақты сипаттамаларының саны бойынша да, осы белгілердің «заңдалу» дәрежесі бойынша да басым.

Ағылшын тілін екінші немесе шет тілі ретінде сөйлейтіндер әдетте ағылшын тілінің ұлттық түрлерінің бірін үлгі ретінде пайдаланады.

Белгілі бір нұсқаны таңдау оңай емес, өйткені британдық, американдық және австралиялық ағылшын сияқты үлгі ретінде алуға болатын бірнеше бекітілген стандарттар бар. Тілдің сол немесе басқа нұсқасына артықшылық беру тарихи, мәдени және географиялық пайымдаулармен түсіндіріледі, сонымен қатар таңдалған стандарт пен оның сөйлеушілеріне деген көзқараспен анықталады.

Әлемнің әртүрлі елдерінде студенттер британдық немесе американдық ағылшын тілін оқуды таңдай алады. Кейбір елдерде олар австралиялық ағылшын тілін, басқаларында малайзиялық немесе үнді ағылшын тілін таңдау мүмкіндігіне ие.

Егер олар шетелде оқуды шешсе, онда қай елді таңдау керек деген сұрақ туындайды: Ирландия, Австралия немесе Ұлыбритания; Канада, АҚШ немесе Жаңа Зеландия? Шешім достардың осылай жасағандығынан немесе оқыту

әдістемесіндегі басымдылыққа байланысты бір елдің пайдасына болуы мүмкін. Елді таңдауға ақша мәселесі мен мәдениет мәселесі де әсер етеді [5].

Екінші немесе шет тілі ретінде ағылшын тілі мұғалімдері туралы не деуге болады? Олар қандай стандартты таңдауы керек? Американдық немесе австралиялық ағылшын тілі мұғалімдері өздерінің ұлттық нұсқасын негізге алатыны анық, бірақ ағылшын тілі ана тілі болып табылмайтын мұғалімдердің көпшілігі үшін таңдау соншалықты анық болмайды.

Көптеген бағдарлама авторлары үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау (олар тілге де, мәдениетке де тікелей қатысты) шешім қабылдап қана қоймай, оны негіздеуге тырысатын негізгі сәт болып табылады. Сонымен қатар, ағылшын тілін оқыту әдістемесі, әсіресе ағылшын тілді дәстүрден тікелей алынған жағдайда, әлемнің жекелеген елдеріндегі аймақтық білім беру мәдениетінің шеңберіне сәйкес келмеуі мүмкін. Сол сияқты, оқу материалдарының мазмұнын олардың мәдени тұрғыдан қалыптасқан идеялары мен көзқарастары үшін мұқият қарастырған жөн. Тілді (бұл жағдайда ағылшын тілін) осы тілде сөйлейтін халықтардың әлемі мен мәдениетінен бөлек зерттеу мүмкін емес болғандықтан, оқу-тәрбие процесінде қарастырылатын материалға ең алдымен ұлттық-мәдени семантикасы бар, тек осы халыққа ғана тән, лексика – шынайылықтар кіруі керек.

Осылайша, лексикалық ерекшеліктер мәдени материалда (өмірдің әртүрлі аспектілерін қамтитын) сол нақты және болжамды контексттерде байқалады, онда олар әртүрлі мәдениеттерге тән физикалық объектілер немесе сипаттамалар арасындағы; әрекеттер мен мінез-құлықтағы айырмашылықтарды; мұнда олар осы елдердің институттары мен шындықтары арасындағы айырмашылықтардың нәтижесі болып табылады, сайып келгенде, олар бір елдің өмірін екіншісінен ерекшелендіретін белгілі бір мәдени идеяларды, стереотиптерді, үдерістерді, құндылық бағдарларды көрсетеді.

Ағылшын тілінің аймақтық түрлері арасындағы лексикалық айырмашылықтарды қарастыру арқылы американдық, британдық, канадалық, австралиялық және т.б. ерекшеліктерді тануға болады. Өмірдің әртүрлі салаларын зерттеуде, мысалы, айқын жағдайларға байланысты ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің флорасы мен фаунасы арасындағы ұқсастықтарды аз табуға болады. Егер өмірдің тағы бір қырын алатын болсақ, Америка Құрама Штаттары сияқты салыстырмалы түрде жас елдердегі сәулет өнері ағылшын тіліне карағанда қандай да бір түрде эксперименталды екенін мойындауымыз керек. Нәтижесінде, бұл елдердегі тұрғын үй алаңдарының белгіленуі бірдей емес. Ағылшын тілінде сөйлейтін әртүрлі елдерде материалдық немесе физикалық нысандар айтарлықтай ұқсастықтарды көрсетсе де, әртүрлі мәдениеттердің адамдары оларды әрқашан бірдей пайдалана бермейді, бұл қайтадан терминологиядағы айырмашылықтарға әкеледі. Бұл әсіресе тағам мысалында айқын көрінеді. Елдер арасындағы айырмашылықтар сонымен қатар білім беру, мемлекеттік басқару, банк жүйесі және т.б. мекемелер мен ұйымдарды сипаттау үшін қолданылатын терминологиядағы айырмашылықтарға әкеледі.

Мысал ретінде өмірдің басқа салаларында – дін, заң, медицина, спорт және т.б. бар терминологиядағы айырмашылықтарды келтіруге болады. Шындығында, бұл аспектілерді талқылауды шексіз жалғастыруға болады [6].

Ағылшын тілінің бір түрінің екіншісінен артықшылығы туралы идея мүлдем орынсыз болып көрінеді, өйткені бір өмір салты немесе тарихи оқиғалардың бір тізбегі және оған сәйкес тілдік даму басқа өмір салты мен тарихтың басқа бағытынан ешбір жағдайда жоғары бола алмайды. Тілдік қарым-қатынас жасауда мұғалімдер мен студенттердің әдетте бір тілдік нұсқаны қолдануға бейім болуы олардың тек осы нұсқаны көруі және естуі керек дегенді білдірмейді. Белгілі бір тілді оқыту мен үйренудің ең маңыздысы – оны әлемдегі басқа ағылшын тілінде сөйлейтіндердің көпшілігі, сондай-ақ болашақта оқушылар сөйлесетін және өзара әрекеттесуі мүмкін адамдар түсінуі керек. «Егер британдық ағылшын тілін білу бізге тауарлар мен қызметтерді сатуға көмектесетін болса, британдық ағылшын тілінде сөйлейік. Егер бұл американдық нұсқаны қажет етсе, солай болсын. Осы екі нұсқаның бірін, немесе жағдайға сәйкес басқасын қолданайық» [7].

Мәтіндерді тыңдау және оқу кезінде мұғалімдер студенттерді бір ғана аймақтық нұсқаны емес, көрнекі және есту арқылы қабылдау үшін студенттерді әртүрлі тіл стандарттарымен таныстыруы керек. Бұл студенттерді кейінгі кезеңде әртүрлі аймақтық нұсқаларға тап болатын уақытқа дайындайды, сонымен қатар олардың зерттелетін елдің мәдениетіндегі тілдің өзіне тән аспектілерімен танысуға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл студенттерге ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің мәдениеттеріндегі аймақтық айырмашылықтарды анықтауға және талдауға, содан кейін зерттелетін елдер мен олардың туған елінің мәдени ерекшеліктерін салыстыруға мүмкіндік береді.

Әрине, тілді үйренудің бастапқы кезеңінде тым көп аймақтық нұсқалар мен айтылымдарға ұшырау кері әсер етуі мүмкін, өйткені оқушылар бір тіл стандартын меңгеруде көптеген қиындықтарды жеңуге мәжбүр болады. Дегенмен, олардың тілдік құзыреттілік деңгейі жоғарылаған сайын оқу процесінде ұсынылатын ағылшын тілінің нұсқаларының санын әртараптандыру және кеңейту қажеттілігі туындайды [8].

Мәдениетке қатысты барлық мәселелердің өзектілігі қазір бұрын-соңды болмаған өткір сипатқа ие болды. Соңғы жылдары жаһандық ауқымдағы әлеуметтік, саяси және экономикалық сілкіністер халықтардың бұрын-соңды болмаған көші-қонына, олардың қоныс аударуына, қоныстануына, соқтығысуына, араласуына әкеліп соқтырды, бұл, әрине, мәдениеттер қақ-тығысына әкеледі.

Сонымен бірге ғалымдар мен қоғамның барлық прогрессивті ойлы топтары өзара түсіністікті арттыру, мәдениеттердің тиімді диалогы, толерантты-лық пен қарым-қатынас серіктестерінің мәдениетін құрметтеу үшін қарым-қатынастың жаңа мүмкіндіктерін, түрлері мен формаларын іздеуде. Осының барлығы шет тілін оқу кезінде мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелеріне жіті көңіл бөлінуіне әкелді.

Шет тілін халықтың мәдениетімен тығыз байланыстыра оқыту қажетті-лігі туралы ұстаным – осы тілде сөйлейтін адам шет тілдерін оқыту әдістемесінде аксиома ретінде бұрыннан қабылданып келеді.

Тіл – белгілі бір қоғамның барлық жетістіктерін біріктіріп, кодталған түрде сақтайтын, халықтың – тасымалдаушының ерекше көзқарасын көрсететін символдық құрылым. Сонымен бірге тіл – мәдениеттің өнімі, мәдениеттің бір

бөлігі, мәдениеттің өмір сүруінің шарты. Тіл мен мәдениет – адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын негізгі кодтар. Тіл және мәдени кодтар әртүрлі халықтар арасында әртүрлі. ХХІ ғасырдың басында әртүрлі елдердің өкілдері арасындағы табысты қарым-қатынас жолдарын жүзеге асыру көбінесе «шетелдік кодтардың» дамуына, оларға қызығушылық пен бейімделуге байланысты. Қазіргі өркениетті адам дүниенің өзара байланысын, тұтастығын және халықтар арасындағы мәдениетаралық ынтымақтастықтың қажеттілігін сезінуі қалыпты жағдай. Мәдениетаралық қарым-қатынас саласында мәдениеттің алуан түрлі аспектілері – өмір салты, менталитет, ұлттық мінез, құндылықтар жүйесі, наным-сенімдері маңызды рөл атқарады.

Салыстыру арқылы, тілдерді, тіпті одан да көп мәдениеттерді салыстыра зерттеу арқылы тілдің маңызды белгілерін, одан да көп мәдениетті түсінуге болады. Тілдік тосқауыл айқын болса, мәдени тосқауыл туған мәдениет өзінен өзгеше жат мәдениеттермен соқтығысқанда (немесе салыстырған кезде) ғана айқын болады.

Мәдени қателіктер тілдік қателерге қарағанда әлдеқайда ауыр қабылданады. Мәдениеттердегі айырмашылықтар тілдердегі айырмашылықтар сияқты практикалық кодекстерге жинақталмайды. Сондықтан шет тілін оқытуды мүмкіндігінше екі жақтан жүргізу тиімдірек болар еді, мысалы, Францияда көптеген жылдар бойы параллель курстарды өткізу тәжірибесі бар: бірін ана тілінде сөйлейтін адам, оқытылатын тілдің тілі мен мәдениеті, екіншісі – ана тілінде сөйлейтін және туған мәдениеті.

Бұл оқытылатын тіл елінің мәдениеті туралы толық және жан-жақты білім алуға мүмкіндік береді. Елге тән мәтіндерді оқу өз мәдениетінің призмасы арқылы бағаланатындықтан, ол да сәйкесінше мәдениеттер қақтығысы болып шығады.

Екі тұлғаның, екі менталитеттің өзара әрекеттесу процесі табысты болуы үшін тіл игерушілерді әртүрлі құндылықтарды түсіндіруге, оқытылатын тілдің елінің шындығын түсінуге, оны жан жақты сараптауға, басқа тіл өкілінің қандай пікірде екенін анықтауға үйрету керек.

Мәдениеттанулық әдебиетте тілді төмендегідей бағалау жүзеге асырылады:

- нақты, айналадағы дүниені ғана емес, халықтың менталитетін, оның ұлттық сипатын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, имандылығын, нормалар мен құндылықтар жүйесін, дүние бейнесін көрсететін мәдениет айнасы;

- мәдениеттің қоры, өйткені халық жинаған барлық білім, дағды, материалдық және рухани құндылықтар оның тіл жүйесінде – фольклорда, кітаптарда, ауызша және жазбаша сөйлеуде сақталады;

- мәдениетті жеткізуші, өйткені ол ұрпақтан-ұрпаққа тілдің көмегімен жалғасады. Мәдениеттендіру процесінде балалар өз ана тілін меңгереді, онымен бірге алдыңғы ұрпақтардың жалпылама тәжірибесін меңгереді;

- тіл арқылы өз халқының менталитетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, сондай-ақ әлемнің нақты мәдени бейнесін қабылдайтын тұлғаның тұлғасын қалыптастыратын мәдениет құралы.

Сонымен қатар, тіл:

- адамның қоршаған орта жағдайына бейімделуін жеңілдетеді;

- объектілерді, құбылыстарды және олардың өзара байланысын дұрыс бағалауға көмектеседі, қоршаған дүние объектілерін анықтауға, оларды классификациялауға және ол туралы ақпаратты ретке келтіруге көмектеседі;
- адам әрекетін ұйымдастыруға және үйлестіруге ықпал етеді.

Мәдениет тіл арқылы беріледі, оның қабілеті адамды басқа жаратылыстардан ерекшелендіреді. Тілдің арқасында мәдениет білімнің жинақталуы мен сақталуы, сондай-ақ олардың өткеннен болашаққа ауысуы ретінде мүмкін болады.

Сондықтан адам жануарларға ұқсамай, әрбір келесі ұрпақта өзінің дамуын жаңадан бастамайды, сабақтастық жүзеге асырылады. Егер оның бойында ешқандай дағды мен қабілет болмаса, оның мінез-құлқы инстинкттермен реттелетін және өзі іс жүзінде басқа жануарлардың ортасынан ерекшеленбес еді. Тіл әрі мәдениеттің өнімі, әрі оның маңызды құрамдас бөлігі, әрі оның өмір сүруінің шарты деп айтуға болады.

Бұл сонымен қатар тіл мен шынайы дүниенің арасында адамның – тіл мен мәдениеттің ана тілінде сөйлейтінін білдіреді. Ол дүниені сезім мүшелері арқылы жүзеге асырады және қабылдайды, осы негізде дүние туралы өзінің ой қорытындысын жасайды. Олар өз кезегінде басқа адамдарға берілуі мүмкін ұғымдарда, пайымдауларда және қорытындыларда ұтымды түрде түсінідіріледі. Демек, ойлау шынайы дүние мен тілдің арасында тұрады.

Шет тілдерін оқытудың қазіргі жағдайында әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы қарым-қатынасты оқыту деңгейін арттыруға оқыту мазмұнында әлеуметтік-мәдени компоненттің анық түсінігі мен болуымен толық қол жеткізуге болатыны анық. Шет тілін оқыту, ең алдымен, екі тілді білім беру ретінде қарастырылады, ол «оқушылардың екі тілді (өз тілі және шет тілі) өзара байланысты және баламалы меңгеруін, өз тілі мен шет тілін шетел мәдениеттерін меңгеруін, студенттің екітілділік ретінде дамуын білдіреді, екі мәдениетті тұлға оның екі тілді және екімәдениеттілігін білу» [10].

«Шетел тілін үйрену – танымдық процесс, бұл білім негізінен ауызша алынады. Дүниенің келбеті, соған сәйкес оқушы санасының құрылымы ана тілінің әсерінен қалыптасатындықтан, ол шет тілін меңгеру процесінде білімді анықтайды» [11].

Зерттеушілердің көпшілігі шетел тілін оқытуда ұлттық шынайылықты, ірі тарихи оқиғаларды, әдебиет пен өнердің, ғылым мен техниканың ірі қайраткерлерін, дүниеге ұлттық көзқарасты білуді осы ел үшін стандартты жағдаймен байланысты дағдылар ретінде қамтитын мазмұндағы әлеуметтік-мәдени компонент маңызды деп есептейді. «Шетел тілін оқытудың лингвоәлеуметтік-мәдени мазмұнын анықтау мәселесін дүниенің бейнесі, сананың екі мазмұнының, екі мәдениеттің өзара әрекеті тұрғысынан қарастыру керек, өйткені ана тілінде сөйлейтіндердің санасы мен мәдениетінің ерекшеліктері тілдің мазмұнын бейнелейді» [12].

Қазіргі педагогикалық зерттеулерде лингвоәлеуметтік-мәдени құзыреттілік «адамның басқа халықтың мәдениетін түсінуге, оған оң көзқараста болуға, оның болмысын, адамгершілікті, құндылықтарды және басқа да құрамдас бөліктерін өз мәдениеті, сондай-ақ шет тілін пайдалана отырып, басқа әлеуметтік-мәдени ортада қызмет етуді өз өмірінің призмасы арқылы түсінуге дайындығы» деп тұжырымдайды» [13].

Қазіргі ғылымда диалектикалық қарым-қатынасты көрсететін және нақты практикалық үлгілерге негізделген тіл мен мәдениетті бірлесіп зерттеудің бірқатар теориялық үлгілері бар екенін атап өткен жөн.

Ресей ғылымында бірнеше теориялық ыңғай бар, В.П. Фурманова тіл мен мәдениетті бірлесіп зерттеуді үш бағыттың қосындысында қарастырылады:

- когнитивтік;
- коммуникативті;
- аксиологиялық.

Когнитивтік бағыт мәдени шындық туралы білім жүйесі ретінде қарастырылады, ал мәдениетті зерттеу тілдің әлеуметтік-мәдени таңбаланған сөздік қорының материалына негізделуі керек.

Коммуникативті бағыт тіл мен мәдениетті бірлесіп үйренуге қолайлы әсер ететін қарым-қатынас контекстінің бірнеше сценарийлерін ескере отырып, мәдениетаралық қарым-қатынас арқылы мәдениетті меңгеруді көздейді.

Аксиологиялық бағыт басқа шетелдік мәдениеттің құндылықтар жүйесі мен дәстүрін білуді білдіреді.

В.П. Фурманова өз үлгісінде төл мәдениетін зерттеуді қарастыратын тіл елінің мәдениетін түсінудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады [11].

Мәдениеттер диалогы субъектісінің тұлғасын қалыптастыру моделі, П.В. Сысоев бойынша, меңгеру дәрежесі үш шартты элементтен тұрады.

Оқытылатын тіл елінің мәдениеті, мәдени вариативтілік және тілі зерттелетін елдің мәдениеті туралы түсініктердің қалыптасуына әсер ететін факторлар. Басқа мәдениетті түсіну кезінде ғалым үш кезеңді белгілейді:

- этноорталықтық;
- мәдени сәйкестілік;
- мәдениеттер сұхбаты [14, 28].

Мәдени өзгеріштік шет тілін үйренудің барлық кезеңдерінде және деңгейлерінде болуы тиіс мәдениеттердің алуан түрлілігімен және әртүрлілігімен танысуды қамтиды. Оқытылатын тілдің мәдениетін меңгерудің іргелі факторларының бірі – үстемдік ететін әлеуметтік-саяси факторлармен қатар әлеуметтік әлеуметтену факторлары мен жеке факторлар болуы керек.

К. Крамш тіл мен мәдениетті бірлесіп зерттеу үлгісінде тіл мен контексттің қатынасы арқылы жүзеге асады. Контекст мәтін мәдениетін, студенттердің мәтінге деген ұстанымын және оқу процесіндегі студенттер тобының мәдениетін білдіреді, бұл мәдени контекст негізінде тіл аспектілері мен сөйлеу әрекетінің түрлерін біріктіруге мүмкіндік береді. К. Крамш шығармаларының өзіндік ерекшелігі – ол алдымен зерттеліп жатқан тіл елінің шынайы мәдениеті мен оның оқушы санасында қалыптасқан бейнесі арасындағы айырмашылыққа назар аударды. Автор елдің мәдениетін түсінуде студенттердің жеке тәжірибесі мен жеке ерекшеліктеріне назар аударады, сондықтан тіл мен мәдениетті бірлесіп зерттеу процесін «тұлғааралық процесс ретінде көрсету керек, мәдениеттердің әртүрлілігін талқылау, сонымен қатар талқыланатын мәдени тақырыптарды пәнаралық зерттеу» [15].

М. Байрамның тіл мен мәдениетті бірлесіп зерттеу үлгісі Еуропада 20 ғасырдың аяғында тарала бастады. М. Байрам тіл мен мәдениетті қабылдау

субъектісін тұлға емес, мәдениетті қабылдау субъективтік белгілерге тәуелді топ деп есептейді. Зерттеуші өз моделінде бірнеше құрамдас бөліктерді анықтайды: коммуникативті оқыту, яғни тілдің өзін оқыту; ана тіліндегі және оқытылатын тілдерді социологиялық талдау және салыстыру, бұл жерде тілдік ақпарат берушілікті айтамыз; туған және зерттелген мәдениетті ана тілінде де салыстыру (мәдени таным); шет тілі мәдениеті (мәдени тәжірибе) негізінде шет тілін үйрену. Ғалым өз үлгісінде шет тілін меңгеруде ана тілі мен төл мәдениет туралы мәліметтерді пайдалануды орынды деп есептейді. Айта кететін жайт, М. Байрамның пікірінше, шет тілі мен мәдениетінің өзара интеграциясы тек жоғары білім беру деңгейінде оқитын студенттермен ғана мүмкін болады, ал шет тілін үйренудің бастапқы кезеңдерінде ана тілі тіл ретінде қызмет ете алады, релаксация, демалу, басқа жұмысқа ауысу, яғни компенсаторлық қызмет атқарады [16].

«Қазіргі уақытта көптеген жағдайларда тілден тілге аудару жеткіліксіз. Тиімді қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін мәдениетаралық менеджмент дағдылары қажет, бұл басқа мәдениеттердің менталитетін, демек, олардың бизнес жүргізу және іскерлік байланыстар құру тәсілдерін түсінуге ықпал етеді» [17, 64 б.]. Демек, адамдар арасындағы қандай байланыс болмасын, тіпті, өзіндік ерекшелігі мен қызмет ету саласы бар экономикада да мәдени ерекшеліктерді ескеру аса қажет.

«Заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, қазақ мәдениеті мен тілін үйренуге арналған, ағылшын тілді аудиторияға бағдарланған оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу» ғылыми-зерттеу жобасы аясында қазақ тілін үйренуге деген сұраныстың артуына байланысты ағылшын тілді аудиторияға қазақ тілін оқытуға арналған әдістемелік оқу бағдарламасы дайындалды. Қазақ тілін меңгеруге арналған оқу, әдістемелік және дидактикалық материалдардың тапшы болғанына қарамастан, бұл өнімдерге деген сұраныс жыл сайын артып келе жатқанын атап өткен жөн. «Оқу үдерісіне тілдік және мәдени шынайылықты енгізу көркем шығарма мәтіндерін, публицистикалық мәтіндерді оқу арқылы жүзеге асады, зерттеліп жатқан тіл елінің тарихы, өнері, мәдениеті туралы ғылыми-көпшілік мәліметтер қамтылуы тиіс» [18, 44 б.]. Жоба орындаушылары, Назарбаев Университетінің базасында, келісімшарт негізінде ағылшын тілді аудиторияға қазақ тілін үйретуге арналған әдістемелік оқу бағдарламасын жасады. 2021 және 2022 жылдары Орта қазақ тілі деңгейіне арналған екі бөлімнен құрылған оқу бағдарламалары дайындалды. KFL 201: Intermediate Kazakh as a Foreign Language I; 1st summer session 2021 оқу бағдарламасына «Шегенің ізі» әңгімесі, «Алтын сапа» – үздіктерге берілетін сыйлық, Қазақстандық мода жайлы не білеміз?, Қазақстан мектебі, Назарбаев университеті еліміздің басқа университеттерінен несімен ерекшеленеді? сияқты тақырыптарды оқу бағдарламасына кіргізу арқылы қазақ мәдениеті мен заманауи қазақстандық қоғам ерекшеліктерімен таныстырып, түсіндіруге ұмтылыс жасалды. Келесі деңгейге көшуге бағытталған KFL 202: Intermediate Kazakh as a Foreign Language II; 2nd summer session 2021 оқу бағдарламасында Қазы қазақтың бір бренді, Болашақ бағдарламасы, Қазақтан шыққан атақты спортсмендер, Еліміздің экологисын қорғаймыз, Сіз ырымдарға сенесіз бе?, Қазақстандық туристік орындар, Мемлекеттік

қызметші үшін не маңызды?, Бүгінгі жастар келбеті қандай? тақырыптарын талдау аясында қазақ мәдениетінің өзіндік қырлары мен қазіргі кездегі ерекше тұстары баяндалады, сол арқылы тіл үйрете отырып мәдениетпен да таныстыру жүзеге асады. KFL 301: Intermediate Kazakh as a Foreign Language I; 1st summer session 2022 Сәлемдесу рәсімінде қолданылатын тілдік емес амалдар, Ғарышты бағындырған үш қазақ қыраны, Қазақ тілін өз ана тіліндей меңгерген өзге ұлт өкілдері, Қазақ тарихының он екі кезеңі, Түркістан қаласы сынды тақырыптар қазақ тілімен қатар қазақ мәдениеті мен тарихынан да зор мағлұмат беріп, еліміздің ерекше келбетін көрсетіп, тану мен білуге деген қызығушылықты арттырады. KFL 302: Intermediate Kazakh as a Foreign Language II; 2nd summer session 2022 оқу бағдарламасында Қазақстан экономикасы, Өңірлер бойынша өнеркәсіп өнімі көлемінің өзгеруі, Балаңызды үздік мектепте оқытудың үш себебі, Қазақстанның туристік орындары, Отандық медицинада өрлеу бар, кемшіліктерден де кенде емес тақырыптары алдыңғы бағдарлама аясындағы тақырыптардан да ауқымдырақ болды және төл тарих пен мәдениетті таныту, тарату, насихаттау арқылы отаныдық туризмді дамытуды өзіндік үлес қосатын қадам деп санауға болады.

Қорытынды

Тіл мен мәдениетті бірлесіп зерттеудің жоғарыда келтірілген теориялық үлгілері тіл мен мәдениеттің интеграциясына байланысты мәселелерді шешу әрекеттері болып табылады.

Біздің ойымызша, аталған үлгілер лингводидактика саласының дамуына, тіл мен мәдениетті оқыту үдерісіне елеулі үлес қосты және қосып келеді, дегенмен, лингводидактиканың әдіс-тәсілдерін нақты түсінуге жедел талқылауды және шешуді қажет ететін, тіл мен мәдениетті оқытуға қатысты мәселелер бар

Келесі мәселелерді мүмкіндігінше тезірек шешу дұрыс сияқты:

- тіл үйренуде мәдениетті кіріктіру жолдары; шет тілін үйрену барысында туған ел туралы ақпарат берудің мақсаттылығы мен қажеттілігі;

- өз елінің шет тілі мен мәдениетін меңгеруде ана тілін пайдалану қажеттілігі;

- шет тілін оқытуда әлеуметтік-мәдени компонент бойынша тақырыптық іріктеуді жүзеге асыру; шет тілін оқытудың қай деңгейінде оқытылатын тіл елінің мәдениетімен таныстыруды енгізу қажет. Олай болса, тіл мен мәдениеттің байланысын ғылыми тұрғыда зерттеудегі тәсілдер адамнан психология, философия, тарих, педагогика, мәдениеттану пәндерін білуді талап ететін шет тілін меңгеру жағдайында өте өзекті болып көрінеді.

Шет тілінің тіл игеруші санасына, дүниенің бар суретіне тигізетін әсерін ескеру қажет, соған сәйкес тіл игеруші санасының тілдік қана емес, танымдық деңгейі де қатысады. Тіл өзінің барлық көріністерімен ұлттық-мәдени ақпараттың да, мәдениеттің де тасымалдаушысы екені анық. Тіл мен мәдениет бір-бірінен ажырамас, тіл мәдениеттің ең маңызды құрамдас бөлігі, мәдениет тілдің міндетті құрамдас бөлігі.

Көптілді білім беру мақсатты, бірнеше тілді игеру арқылы әлемдік мәдениетпен танысу процесі тілдер, зерттелетін тілдер әдіс ретінде әрекет еткен-

де арнайы білім саласын түсіну, мәдени және әртүрлі елдер мен халықтар-дың тарихи-әлеуметтік тәжірибесін қабылдау жүзеге асады [19, 42 б.]

Шет тілінің басқа мәдениеттерден өзіне қажеттісін алу мүмкіндігі зор. Шет тілін үйрену басқа мәдениетпен таныстырып қана қоймайды, сонымен қатар жалпыадамзаттық құндылықтармен таныстырады, соған сәйкес тіл үйренушілерді «мәдениеттер сұхбаты» жағдайында оқытуға көмектеседі. Оқытылатын тілде қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыру үшін оқытылатын тіл елінің мәдениетін зерттеудің маңызы зор.

Көпмәдениетті, көптілді тұлға – белгілі бір мәдени топтың мүдделерін білдіретін және бір мезгілде жаһандық мәселелерді шешуге белсенді қатысады және ғаламшардың тағдыры үшін жауапкершілікті сезінетін өз елінің патриоты және әлем азаматы [20, б. 23].

Әдебиеттер тізімі

1 Манкеева Ж.А. <https://tilalemi.kz/article/2994.html> // В.фон Гумбольдттің лингвофило-софиялық қағидаларының А. Байтұрсынұлы тілдік мұрасының лингвомәдени идеясымен үндестігі. 24.05.2022 ж.

2 Основные направления в методике преподавания иностранных языков в 19-20 веках / Под ред. И.В. Рахманов. – М.: Педагогика, 1972. – С. 47-48.

3 Ласера Ж. Реалии французской культуры на уроках французского языка / Под ред. Е.М. Верещагина, В.Г. Костомарова // Лингвострановедческий аспект преподавания русского языка иностранцам. – М., 1947. – С. 218.

4 Миролубов А.А. История отечественной методики обучения иностранным языкам. – М.: Ступени, 2002. – С. 27.

5 Longman Dictionary of English Language and Culture. – Longman, 1992.

6 Randolph Quirk, et al. A Grammar of Contemporary English. – Longman, 1989.

7 David Crystal, 2003. – 113 p.

8 Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.– 320 б.

9 Гальскова Н.Д. Обучение на билингвальной основе как компонент углубленного языкового образования // Иностран. языки в школе/Н.Д. Гальскова, Н.Ф. Коряковцева, Е.В. Мусницкая, Н.Н. Нечаев. – М., 2003. –№2. – С. 12-16.

10 Фурманова В.П. Межкультурная коммуникация и культурно-языковая прагматика в теории и практике преподавания иностранных языков (яз. вуз.): дис. докт. пед. наук: 13.00.02. – М., 1994. – 475с.

11 Сомова С.В. Адаптация зарубежных курсов английского языка к потребностям русскоязычных обучаемых в контексте диалога двух культур (начальный этап, языковой вуз): дис. канд. пед. наук. – МГЛУ. – М., 2004.

12 Костикова Л.П. Формирование лингвосоциокультурной компетентности студентов гуманитарного вуза: Автореферат дис. докт. пед. наук. – Рязань, 2011.

13 Сысоев П.В. Концепция языкового поликультурного образования (на материале культуроведения США): дис. д-ра пед. наук: 13.00.02. – М.: МГУ им. М.В. Ломоносова, 2004. – 28 с.

14 Kramsch C.J. Culture in foreign language teaching. University of California at Berkeley, US, 2015

15 Byram M. Teaching and assessing intercultural communicative competence. Clevedon, 2014.

16 Бекниязова Г.И. Экономикалық үрдістер және шет тілдері: өзара әрекеттесу нәтижелері // Инновациялық Еуразия университетінің Хабаршысы. – 2023. № 1.

17 Рапишева Ж.Д., Балгабай А. К вопросу использования лингвострановедческих реалий при изучении иностранного языка // Инновациялық Еуразия университетінің Хабаршысы. – 2021. – № 2709-3077.

18 Вереемчук Т.А. Полилингвальная личность: возможность или необходимость? // Межкультурное обучение как полилог языков и культур: сборник статей / Отв. ред. Е.А. Журавлёва. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2016. – 232 с.

19 Башарулы Р. Методология развития поликультурного образования в Казахстане: монография. – Алматы: Ғылым, 2002.

Transliteration

1 Mankeeva Zh.A. <https://tilalemi.kz/article/2994.html> // V. fon Gumbol'dtti'n lingvofilosofiyaly'q qaridalary'ny'n A. Bajtursy'nuly' ti'ldi'k murasy'ny'n lingvomädeni ideyasy'men yndesti'gi' [Concordance of Humboldt's linguistic-philosophical principles with the linguistic heritage of Akhmet Baitursynuly.]. 24.05.2022 zh.

2 Osnovny'e napravleniya v metodike prepodavaniya inostranny'kh yazy'kov v 19-20 vekakh [Main Directions in the Method of Teaching Foreign Languages in the 19th and 20th Centuries] / Podred. I.V. Rakhmanov. – M.: Pedagogika, 1972. – S. 47-48.

3 Lasera Zh. Realii francuzskoj kul'tury' na urokakh francuzskogo yazy'ka [The Reality of French Culture in French Lessons] / Pod red. E.M. Vereshhagina, V.G. Kostomarova // Lingvostranovedcheskij aspekt prepodavaniya russkogo yazy'ka inostranczam. – M., 1947. – S. 218.

4 Miroyubov A.A. Istoriya otechestvennoj metodiki obucheniya inostranny'm yazy'kam [History of the Domestic Method of Teaching Foreign Languages]. – M.: Stupeni, 2002. – S. 27.

5 Longman Dictionary of English Language and Culture. – Longman, 1992.

6 Randolph Quirk, et al. A Grammar of Contemporary English. – Longman, 1989.

7 David Crystal, 2003. – 113 r.

8 Ter-Minasova S.G. Ti'l zhəne madenietaraly'q kommunikacziya [Language and Intercultural Communication]. – Almaty': Ul'ty'k audarma byurosy', 2018. – 320 b.

9 Gal'skova N.D. Obuchenie na biligval'noj osnove kak komponent uglublennogo yazy'kovogo obrazovaniya [Bilingual Education as a Component of In-Depth Language Education] // Inostr. yazy'ki v shkole / N.D. Gal'skova, N.F. Koryakovceva, E.V. Musniczkaya, N.N. Nechaev. – M., 2003. – #2. – S. 12-16.

10 Furmanova V.P. Mezhluk'turnaya kommunikacziya i kul'turno-yazy'kovaya pragmatika v teorii i praktike prepodavaniya inostranny'kh yazy'kov (yaz. vuz.) [Intercultural Communication and Cultural-Linguistic Pragmatics in the Theory and Practice of Teaching Foreign Languages]: dis. dokt. ped. nauk: 13.00.02. – M., 1994. – 475 s.

11 Somova S.V. Adaptacziya zarubezhny'kh kursov anglijskogo yazy'ka k potrebnostyam russkoyazy'chny'kh obuchaemy'kh v kontekste dialoga dvukh kul'tur (nachal'ny'j e'tap, yazy'kovoj vuz) [Adaptation of Foreign English Courses to the Needs of Russian-Speaking Students in the Context of Dialogue Between Two Cultures]: dis. kand. ped. nauk. – MGLU. – M., 2004.

12 Kostikova L.P. Formirovanie lingvosocziokul'turnoj kompetentnosti studentov gumanitarnogo vuza: Avtoreferat dis. dok. ped. nauk. – Ryazan', 2011.

13 Sy'soev P.V. Koncepcaziya yazy'kovogo polikul'turnogo obrazovaniya (na materiale kul'turovedeniya SShA) Formation of linguistic and sociocultural competence of students of humanitarian university [Concept of Language Multicultural Education]: dis. d-ra ped. nauk: 13.00.02. – M.: MGU im. M.V. Lomonosova, 2004. – 28s.

14 Kramsch C.J. Culture in foreign language teaching. University of California at Berkeley, US, 2015

15 Vyram M. Teaching and assessing intercultural communicative competence. – Clevedon, 2014.

16. Bekniyazova G.I. E'konomikaly'qurdi'ster zhane shet ti'lderi': ozara arekettesu nətizheleri' [Economic Trends and Foreign Languages: Results of Interaction] // Innovacziyaly'q Euraziya universiteti'ni'n Khabarshy'sy'. – 2023. # 1 ISSN 2709-3077

17 Rapisheva Zh.D., Balgabaj A. K voprosu ispol'zovaniya lingvostranovedcheskikh realij pri izuchenii inostrannogo yazy'ka [To the Question of the Use of Foreign Linguistic Realities When Studying a Foreign Language] // Innovacziyaly'q Euraziya universiteti'ni'n Khabarshy'sy'. – 2021. – # 2709-3077

18 Vereemchuk T.A. Polilingval`naya lichnost` :vozmozhnost` ili neobkhodimost`? [Polylingual Personality: Possibility or necessity?] // Mezhluk`turnoe obuchenie kak polilog yazy`kov i kul`tur: sbornik statej / Otv. red.E.A. Zhuravlyova. – Astana: ENU im. L.N. Gumileva, 2016. – 232 s.

19 Basharuly` R. Metodologiya razvitiya polikul`turnogo obrazovaniya v Kazakhstane [Methodology of Development of Multicultural Education in Kazakhstan]: monografiya. – Almaty` : Gy`ly`m, 2002.

Өмірбекова А.О.

Национальная культура в изучении языков

Аннотация. В последние годы возрос интерес и спрос на изучение казахского языка. Большинство людей используют казахский язык в деловых и повседневных разговорах. Популярность страны и туристическая привлекательность также увеличились. Есть ряд причин, которые способствовали этой тенденции. В связи с растущим спросом на изучение казахского языка возникает потребность в образовательных программах и пособиях хорошего содержания и высокого качества. Культура традиционно занимала важное место в моделях языкового образования. В современных моделях больше внимания уделяется функциональным аспектам культуры, особенно ее роли в обеспечении или ограничении коммуникации. Можно предположить, что количество приезжих в Казахстан будет продолжать увеличиваться. Видно, что многие иностранные гости стремятся ближе познакомиться с культурой Казахстана и говорить по-казахски. Но из-за отсутствия необходимых средств многие не могут этого сделать или это очень сложно реализовать. В статье в рамках научно-исследовательского проекта на тему «Разработка учебно-методических пособий по изучению казахской культуры и языка с использованием современных информационных технологий, ориентированных на англоязычную аудиторию» от 2021 года, что способствует развитию и совершенствованию англоязычных материалов для изучения казахского языка и английского языка анализируется ряд работ, проведенных в стремлении создать хорошие условия для изучения казахского языка как для владеющих им иностранцев, так и для граждан Республики Казахстан. Описывается ход исследования, связанный с работой, проделанной в рамках проекта.

Ключевые слова: язык, культура, национальная культура, культурный диалог, иностранный язык, овладение языком, коиммуникация.

Omirebekova A.O.

National Culture in Language Learning

Abstract. In recent years, interest and demand for learning the Kazakh language has increased. Most people use the Kazakh language in business and daily conversations. The country's popularity and tourist attraction have also increased. There are a number of reasons that have contributed to this trend. In connection with the growing demand for the study of the Kazakh language, there is a need for educational programs and manuals of good content and high quality. Culture has traditionally occupied an important place in the models of language education. In modern models, more attention is paid to the functional aspects of culture, especially its role in enabling or limiting communication. It can be assumed that the number of visitors to Kazakhstan will continue to increase. It can be seen that many foreign guests strive to get to know the culture of Kazakhstan better and speak Kazakh. But due to the lack of necessary funds, many cannot do this or it is very difficult to implement. In an article within the framework of a research project on the topic «Development of teaching aids for the study of Kazakh culture and language using modern information technologies focused on the English-speaking audience» from 2021, which contributes to the development and improvement of English-language materials for the study of the Kazakh language and English language, a number of works carried out in an effort to create good conditions for learning the Kazakh language for both foreigners who speak it and for citizens of the Republic of Kazakhstan are analyzed. The progress of the study related to the work done within the framework of the project is described.

Key words: language, culture, national culture, cultural dialogue, foreign language, language acquisition, communication.